



Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сыртқы шекараны күзетудегі бірлескен күш-жігер туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 2-II

Алматыда 1995 жылғы 30 маусымда жасалған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сыртқы шекараны күзетудегі бірлескен күш-жігер туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы
арасындағы Сыртқы шекараны күзетудегі бірлескен
күш-жігер туралы

Шарт

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы, бұдан әрі Тараптар
делінеді,

Сыртқы шекараны күзету жөніндегі ынтымақтастық туралы 1993 жылғы

24 желтоқсандағы меморандумды іске асыру мақсатында,
Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сыртқы
шекараны күзетудегі ынтымақтастық туралы 1994 жылғы 21 қазандағы Шартты
және Қазақстан - Ресей ынтымақтастығын кеңейту мен тереңдету туралы
1995 жылғы 20 қантардағы Декларацияны негізге ала отырып,
мына төмендегілер жөнінде уағдаласты:

1 бап

Осы Шарттың мақсаты үшін "Сыртқы шекара" термині Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына кірмейтін мемлекеттермен арадағы мемлекеттік шекараларының учаскелерін білдіреді.

2 бап

Сыртқы шекараны күзетуді Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері және Ресей Федерациясының Шекара әскерлері ынтымақтаса отырып, жүзеге асырады.

3 бап

Тараптар сыртқы шекараны күзету мен сол арқылы өтуді реттейтін өздерінің заңдық және өзге нормативтік актілерін үйлестіру шараларын қолданады.

Тараптар осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде шекара мәселелеріне қатысты заңдық және өзге нормативтік актілерімен алмасады.

Жоғарыда аталған мәселелер бойынша заңдық және өзге нормативтік актілер, бұдан кейінгі алмасу бұлар күшіне енгеннен кейін жүзеге асырылатын болады.

4 бап

Тараптар Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері мен Ресей Федерациясы Шекара әскерлерінің сыртқы шекараны күзетудегі бірлескен күш-жігерін үйлестіру үшін Үйлестіру кеңесін құрады.

Үйлестіру кеңесі қызметін өзі туралы Ережеге сүйеніп жүзеге асырады (N 1 қосымша).

5-бап

Сыртқы шекараны күзетудегі келісілген шешімдерді іске асыру, шекара әскерлерінің бірлескен нақтылы іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің Ресей Федерациясы Оперативтік тобы, және

Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің Ресей Федерациясында Оперативтік тобы құрылып, олардың әрқайсысының саны 126 әскери қызметшілерге дейін болады, бұған Каспий теңізіндегі шекара қызметтерінің бірлескен іс-қимылды қосылады. Оперативтік топтардың құрылымы мен оларды жасақтау тәртібін Тараптардың шекара ведомстволарының басшылары нақтылайтын болады, бұл жайында бөлек хаттама жасалады.

Тараптардың Шекара әскерлерінің арнаулы ақпараттық бірлескен іс-қимылдының мәселелері бойынша жеке хаттама жасалады.

Тараптардың Оперативтік топтары өз қызметін өздері туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады (N 2 және N 3 қосымшалар).

Оперативтік топтарды қаржыландыру тәртібі Хаттамалармен анықталады (N 4 және N 5 қосымшалар).

6 бап

Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері Оперативтік тобының және Ресей Федерациясының Шекара әскерлері Оперативтік тобының әскери қызметшілері табиғи бүліншілік пен апаттардың зардаптарын жоюдан басқа Оперативтік топтар туралы ережеде айтылмаған міндеттерді орындауға тартылмайды.

7 бап

Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері Оперативтік тобының және Ресей Федерациясының Шекара әскерлері Оперативтік тобының әскери қызметшілеріне, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне тиісінше Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы әскери қызметшілердің мәртебесін айқындайтын зандары мен нормативтік актілері толық ауқымында қолданылады. Оларға тиісінше Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдіктер мен артықшылықтар сақталады.

8 бап

Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері Оперативтік тобының және Ресей Федерациясының Шекара әскерлері Оперативтік тобының әскери қызметшілері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері өздері жүрген мемлекеттің Конституциясын, оның зандарын сақтап, Қазақстан - Ресей халықтарының ұлттық дәстүрлері мен ғұрыптарын құрметтейтін болады.

Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері Оперативтік тобының және Ресей Федерациясының Шекара әскерлері Оперативтік тобының әскери қызметшілерінің,

сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің қауіпсіздігіне, құқықтық және әлеуметтік қорғалуына кепілдік беріледі.

9-бап

Қазақстан Тарабы Ресей Федерациясының Шекара әскерлері Оперативтік тобының пайдалануына қызмет және тұрғын жай, поча, телеграф - телефон мен радио байланысы құралдарын береді.

Ресей Тарабы Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері Оперативтік тобының пайдалануына қызмет және тұрғын жай, поча, телеграф - телефон мен радио байланысы құралдарын береді.

Тұрғын жай өзара негізінде беріледі.

10 бап

Тараптар қолданатын заңдылықтар:

- а) әскери қызметшілері жүрген Тараптың азаматтарына қарсы жасалған жалпылама қылмыстардан басқа кезде өздерінің оперативтік тобының әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелеріне қатысты;
- ә) оперативтік топтардың әскери қызметшілері әскери қызметтің міндеттерін атқаруына байланысты жасалған әскери қылмыстар мен құқық бұзушылыққа барған жағдайда.

Тараптардың заңдық қағидасына жататын істерді қараған кезде тиісті Тараптың заңдары қолданылады және оның құзырлы органдары іс жүргізеді.

Басқа жағдайда өздері жүрген Тараптың заңдық қағидасы жүзеге асырылып, оның заңдары қолданылады және құзырлы органдары іс жүргізеді.

11 бап

Тараптар жыл сайын тиісті хаттамамен белгіленген шарттарға сүйеніп, шекара әскерлерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуде, сондай-ақ сыртқы шекара күзетінде қолданылатын қару-жарақты, техника мен жабдықтарды әзірлеуде, тапсырыстарды орналастыруда, дайындауда, іске қосуда және жөндеуде бір-біріне көмек көрсетеді.

12 бап

Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері мен Ресей Федерациясының Шекара әскерлері жеке хаттамаға сәйкес Тараптардың мемлекеттік шекарасында қалыптасып

отырған ахуал туралы, сондай-ақ мемлекеттік шекараны күзетуге байланысты және өзара мұдделілік туғызатын басқа да мәселелер бойынша уақтылы әрі келісілген ақпарат алмасуды жүзеге асыратын болады.

Аталған ақпаратпен алмасу қайтарымсыз негізде жүзеге асырылатын болады.

Тараптардың шекара әскерлерінің архив материалдарымен пайдалану тәртібі тиісті хаттамамен анықталатын болады.

13 бап

Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері мен Ресей Федерациясының Шекара әскерлері арасындағы сыртқы шекараны күзету мұддесіндегі оперативтік-іздестіру қызметіндегі ынтымақтастық жеке хаттамаға сәйкес жүзеге асырылады.

14 бап

Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері мен Ресей Федерациясының Шекара әскерлері авиациясының қызметін қамтамасыз ету үшін Тараптар әуе кемелеріне өздерінің әуе кеңістігін, аэропорттарын, аэродромдарын (қону аландарын) өтеусіз пайдалану, навигациялық, метеорологиялық және өзге ақпарат алып тұру құқығын береді.

Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының әуе кеңістігінде

ұшақтар мен тікұшақтардың ұшуын қамтамасыз ету Тараптардың заңдарына сәйкес, әрі белгіленген ережелер сақталып қамтамасыз етіледі.

Әуе кемелерінің қамту, оларды жанар-жағар маймен қамтамасыз ету Тараптардың шекара ведомстволары арасындағы өзара есеп айырысу жолы ақылы түрде жүзеге асырылады.

15 бап

Тараптар кадрлар даярлауды, оның ішінде кіші мамандар даярлауды жеке хаттамаға сәйкес жүзеге асырады.

16 бап

Тараптар әскери қызметін одан әрі өткери үшін әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының Шекара әскерлерінен Ресей Федерациясының Шекара әскерлеріне ауыстыруға немесе керісінше ауыстыруға қатысты мәселелерді шешуде ынтымақтастық жасайды.

Тараптар әскери қызметін одан әрі өткери үшін Қазақстан Республикасының Шекара әскерлерінен Ресей Федерациясының Шекара әскерлеріне ауысуға тілек білдірген өздерінің әскери қызметшілерінің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін шектеуге жол бермейді.

17 бап

Осы Шартқа қосылған ережелер мен хаттамалар оның ажыратылmas бөлігі болып табылады.

18 бап

Осы Шарттың ережелерін орындау жөніндегі шараларды іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің Қолбасшысы мен Ресей Федерациясы Шекара әскерлерінің Бас қолбасшысы тиісті хаттамаларға қол қояды.

19 бап

Осы Шартты пайдалану мен қолдануға қатысты пікір керегарлығы келіссөздер мен консультациялар жолымен шешіледі.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

20 бап

Осы Шарт Тараптар оның іске қосылуына алғышарт жасайтын мемлекеттік ішкі процедуралардың орындалғаны туралы хабарлама алмасқан мезгілден күшіне енеді,

сөйтіп бес жыл бойы қолданылады, содан кейін егер Тараптардың біреуі Шарттың қолданылуын тоқтатқысы келетіні жөнінде, ниет білдірмесе, әрі бұл жөнінде ол келесі Тарапты кезекті кезең аяқталардан алты ай бұрын жазбаша хабардар етпесе, онда Шарт келесі бесжылдық кезеңге өздігінен ұзартылып отырады.

Осы Шарт қол қойылған күннен бастап уақытша қолданылады.

1995 жылғы 30 маусымда Алматы қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасы
үшін

Ресей Федерациясы
үшін

Қазақстан Республикасы мен Ресей

Федерациясы арасындағы сыртқы
шекараны күзетудегі бірлескен
күш-жігер туралы Шартқа
N 1 қосымша

Үйлестіру кеңесі туралы
Ереже

1 бап

Үйлестіру кеңесі - Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері мен Ресей Федерациясы Шекара әскерлерінің сыртқы шекараны күзетудегі бірлескен күш-жігерді үйлестіру және осы Шарттың ережелерін жүзеге асыру үшін құрылған алқалық орган.

Үйлестіру кеңесі өз қызметінде осы Ережені басшылыққа алады.

2 бап

Үйлестіру кеңесінің құрамына: Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің Қолбасшысы мен Ресей Федерациясы Шекара әскерлерінің Бас қолбасшысы, олардың 2 -3 орынбасарлары, сондай-ақ солардың шешімдері бойынша Тараптардың шекара әскерлерінің басқа да өкілдері кіреді.

3 бап

Үйлестіру кеңесінің негізгі функциялары:

- шекара әскерлері жөніндегі Тараптардың арасындағы уағдаластықтың орындалуын өздерінің өкілеттік шегінде қамтамасыз ету;
- сыртқы шекараларды қүзетудің тиімділігін арттыру жөнінде жедел шешімдер қабылдауды әзірлеу;
- сыртқы шекараны жайластыру мен жабдықтау жөнінде келісілген шешімдер қабылдау үшін ұсыныстар әзірлеу;
- өзара мұдделердің көздейтін шекараны қүзету мәселелері бойынша ақпараттар алмасуды ұйымдастыру;
- сыртқы шекараны қүзетуге келісілген тәсілдер жасау;
- сыртқы шекарада күтпеген жағдайлардың пайда болу кезінде өзара іс-әрекетті ұйымдастыру;
- Тараптардың шекара әскерлерінің қызмет саласында заң және басқа да нормативтік актілердің үйлесімдігі жөнінде ұсыныстар жасау;
- Тараптардың оқу орындарында шекара әскерлері үшін кадрлар дайындауға қатысты, сондай-ақ одан әрі әскери қызметтерін атқару үшін әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасы Шекара әскерлеріне Ресей Федерациясының Шекара әскерлерінен ауыстыру және осы істі керісінше атқару мәселелерін келісу;
- Тараптардың шекара әскерлеріне материалдық-техникалық құралдарды жеткізу мәселелеріне келісу және жүзеге асыру;
- Үйлестіру кеңесі Тараптардың сыртқы шекараны қүзетуге және шекара қызметіне қатысты басқа да мәселелерді қарай алады.

4 бап

Үйлестіру кеңесі жұмысының негізгі нысандары болып Тараптардың шекара әскерлері басшыларының келісімдері бойынша қажетті-жағдайларда өткізілетін мәжілістер, кеңестер, консультациялар және сол сияқтылар болып табылады.

Үйлестіру кеңесінің шешімдері консенсус негізінде қабылданады,

хаттамалармен ресімделеді.

Үйлестіру кеңесінің ресми тілі болып қазақ және орыс тілі саналады.

Үйлестіру кеңесінің жұмыс тілі болып орыс тілі саналады.

5 бап

Осы Ереже Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы сыртқы шекараны күзетудегі бірлескен күш жұмсау туралы келісімнің бұзылмас бөлігі болып саналады, осы Шартта көзделген шарттарда күшіне енеді және өз әрекетін тоқтатады.

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі.

Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы арасындағы сыртқы
шекараны күзетудегі бірлескен
күш-жігер туралы Шартқа

N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің Ресей

Федерациясындағы Оперативтік тобы туралы

Ереже

1 бап

Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің Ресей Федерациясындағы Оперативтік тобына (бұдан әрі - Оперативтік топ) Қазақстан Республикасының Шекара әскерлерінің Тараптардың сыртқы шекараны күзетудегі келісілген шешімдерін жүзеге асыру мен нақтылы ынтымақтастығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын әскери қызметшілер кіреді.

2 бап

Оперативтік топтың саны 120 әскери қызметшілеріне дейін жетуі мүмкін, бұған Каспий теңізіндегі шекара қызметтерінің бірлескен іс-қимылы да кіреді.

Оперативтік топ Оперативтік топтың басқармасынан, Ресей Федерациясы Шекара әскерлерінің шекара округтері мен отрядтары, дербес бақылау-өткізу пункттеріндегі,

арнаулы ақпараттық бөлімшелерден, авиация мен теңіз бөлімшелерінің жанындағы өкілдері топтарынан тұрады.

Оперативтік топтың құрылымдық тізімі мен сандық құрамын Тараптардың шекаралық ведомстволарының басшылары бірлесіп анықтайды, ол туралы жеке хаттама жасалады.

3 бап

Оперативтік топтың бастығы Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері Қолбасшысының өкілдегі өкілі болып табылады және Ресей Федерациясы Шекара әскерлері Бас қолбасшысы орынбасарының мэртебесін иеленеді. Оны Қазақстан Тарабы лауазымға тағайындал және лауазымынан босатады. Оперативтік топтың әскери қызметшілері хақында ол Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері Қолбасшысы орынбасарының тәртіптік құқықтарын пайдаланады.

Оперативтік топтың бастығы кредиттердің 2-ші дәрежелі өкімшісі болып табылады.

Оперативтік-қызметтік және қаржы-шаруашылық мәселелерін шешкен кезінде Оперативтік топтың басшысы Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің Қолбасшысына бағынады.

4-бап

Оперативтік топ Функциясына кіретін мәселелер:
өзінің өкілдегі шебінде шекара мәселелері бойынша уағдаластықтардың орындалуын қамтамасыз ету;
сыртқы шекараны күзету жөнінен Ресей Федерациясы Шекара әскерлерімен іс-қимылды үйлестіру, оны күзету жайын зерделеу;
Тараптардың шекара әскерлері арасындағы сыртқы шекараны күзету

мәселелері жөніндегі өзара іс-қимылды ұйымдастыру мен қолдау;
өзара мұдделілік туғызатын мәселелер бойынша ақпаратпен алмасуды нақтылы жүзеге асыру;
сыртқы шекараны күзету жөнінен ұсыныстар әзірлеу;
Тараптардың шекара әскерлері құрамалары мен бөлімдерінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру мен жүргізуге жәрдемдесу;

сыртқы шекараны күзету мәселелері бойынша Тараптардың шекара әскерлерінің күші мен құрал қолдануды жетілдіруге бағытталған ұсыныстар

дайындау;

Үйлестіру кеңесінің шешімдерін іске асыруға қатысу;
Тараптар шекара әскерлерінің сұраныстары мен ұсыныстарына талдау
жасау;

сиртқы шекараны күзетуде бірлескен іс-қимылды ұйымдастыру мен жүргізу.

Оперативтік топ сиртқы шекараны күзетуде Тараптар шекара әскерлерінің
куші мен құралдарын қолдану барысында туындаған басқа да мәселелерді шеше
алады.

5 бап

Оперативтік топтың әскери қызметшілерінің құқықтары:

Ресей Федерациясының Шекара әскерлері қолбасшылығының рұқсатымен өздеріне
жүктелген міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша Ресей Шекара
әскерлерінің әскери бөлімдерінде, бөлімшелері мен объектілерінде болуға;

Ресей Федерациясы Шекара әскерлері бөлімдерінде, бөлімдері мен құрамаларында
сиртқы шекараны күзетудің жәй-күйімен танысуға;

өздері келген әскери бөлімдер мен бөлімшелердің командирлерінің рұқсатымен
сиртқы шекараны күзету мәселелеріне қатысты құжаттармен танысуға;

командирлердің рұқсатымен сиртқы шекараны күзету мәселелеріне қатысты
қызмет бабындағы кеңестерге, нұсқама беретін жиындарға және басқа шараларға
қатысуға;

соларға арнайы бекіткен ережелерге сәйкес Ресей Федерациясы Шекара
әскерлерінің көлік құралдары мен байланыс құралдарын пайдалануға;

осы Шарттың ережелерін жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді шешу
жөніндегі топтардың құрамына кіруге құқығы бар.

6 бап

Оперативтік топтардың ресми хат-хабары мен поштасына қол сұғылмайды және
олар жөнінде Оперативтік топтың бастығына баяндалып отырады. Шифржеделхаттар
Ресей Федерациясының Шекара әскерлерінің Бас қолбасшысының (сол жердегі бөлім
командирі) немесе оның орнындағы адам танысқаннан кейін Ресей Федерациясының
шифр органдары арқылы жіберіледі.

Оперативтік өз мөрі және банкте шоты болады.

7 бап

Оперативтік топтың орналасқан жері мен мекен-жайы - Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясының Шекара әскерлерінің Федералдық қызметі.

8 бап

Осы Ереже Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы сыртқы шекараны күзетудегі бірлескен қүш-жігер туралы Шарттың ажырамайтын бөлігі болып табылады, әрі осы Шартта көзделген қағидаларға сәйкес құшіне енеді және құшін тоқтатады.

Тараптардың өзара келісіуі бойынша осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы мен Ресей

Федерациясы арасындағы сыртқы
шекараны күзетудегі бірлескен
қүш-жігер туралы Шартқа
N 3 қосымша

Ресей Федерациясы Шекара әскерлерінің Қазақстан
Республикасындағы Оперативтік тобы туралы
Ереже

1 бап

Ресей Федерациясы Шекара әскерінің Қазақстан Республикасындағы Оперативтік тобына (бұдан әрі Оперативтік топ) Ресей Федерациясы Шекара әскерлерінің Тараптардың сыртқы шекараны күзетудегі келісілген шешімдерін жүзеге асыру мен нақтылы ынтымақтастырын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын әскери қызметшілері кіреді.

2 бап

Оперативтік топтың саны 120 әскери қызметшілеріне дейін жетуі мүмкін, бұған Каспий теңізіндегі шекара қызметтерінің бірлескен іс-қимылы да кіреді.

Оперативті топ Оперативтік топтың басқармасынан, Қазақстан Республикасы шекара әскерлерінің отрядтары, дербес бақылау-өткізу пункттерінің, арнаулы ақпараттық бөлімшелерінің, авиация бөлімдері мен теңіз бөлімшелерінің жаңындағы өкілдер топтарынан тұрады.

Оперативтік топтың құрылымдық тізімі мен сандық құрамы Тараптардың шекара ведомстволарының басшылары бірлесіп анықтайды, бұл туралы жеке хаттама жасалады.

3 бап

Оперативтік топтың бастығы Ресей Федерациясының Шекара әскерлері Бас қолбасшысының өкілетті өкілі болып табылады және Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері қолбасшысының орынбасары мәртебесіне ие болады. Оны Ресей Тарабы лауазымға тағайындауды және лауазымынан босатады. Оперативтік топтың әскери қызметшілеріне хақында ол шекара әскерлері округі қолбасшысының тәртіптік құқықтарын пайдаланады.

Оперативтік топтың бастығы кредиттердің 2-ші дәрежелі өкімшісі болып табылады.

Оперативтік-қызметтік және қаржы-шаруашылық мәселелерін шешкен кезінде Оперативтік топтың басшысы Ресей Федерациясының Федералдық шекара қызметіне бағынады.

4 бап

Оперативтік топ функциясына кіретін мәселелер:
өзінің өкілеттік шебінде шекара мәселелері бойынша уағдаластықтардың орындалуын қамтамасыз ету;
сыртқы шекараны күзету жөнінен Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері мен іс-қимылды үйлестіру, оны күзету жайын зерделеу;
Тараптардың шекара әскерлері арасындағы сыртқы шекараны күзету

мәселелері жөніндегі өзара іс-қимылды ұйымдастыру мен қолдау;
өзара мұдделілік туғызатын мәселелер бойынша ақпаратпен алмасуды

нақтылы жүзеге асыру;

сыртқы шекараны күзету жөнінен ұсыныстар әзірлеу;

Тараптардың шекара әскерлері құрамалары мен бөлімдерінің материалдық-техникалдық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру мен жүргізуге жәрдемдесу;

сыртқы шекараны күзету мәселелері бойынша Тараптардың шекара әскерлерінің күші мен құрал қолдануды жетілдіруге бағытталған ұсыныстар дайындау;

Үйлестіру кеңесінің шешімдерін іске асыруға қатысу;

Тараптар шекара әскерлерінің сұраныстары мен ұсыныстарына талдау жасау;

сыртқы шекараны күзетуде бірлескен іс-қимылды ұйымдастыру мен жүргізу.

Оперативтік топ сыртқы шекараны күзетуде Тараптар шекара әскерлерінің күші мен құралдарын қолдану барысында туындаған басқа да мәселелерді шеше алады.

5 бап

Оперативтік топтың әскери қызметшілерінің хұқықтары:

Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері қолбасшылығының рұқсатымен өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің әскери бөлімдерінде, бөлімшелері мен объектілерінде болуға;

Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері бөлімдерінде, бөлімдері мен құрамаларында сыртқы шекараны күзетудің жәй-күйімен танысуға;

өздері келген әскери бөлімдер мен бөлімшелердің командирлерінің рұқсатымен сыртқы шекараны күзету мәселелеріне қатысты құжаттармен танысуға;

командирлердің рұқсатымен сыртқы шекараны күзету мәселелеріне қатысты қызмет бабындағы кеңестерге, нұсқама беретін жиындарға және басқа шараларға қатысуға;

соларға арнайы бекіткен ережелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің қөлік құралдары мен байланыс құралдарын пайдалану;

осы Шарттың ережелерін жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді шешу жөніндегі топтардың құрамына кіруге құқығы бар.

6 бап

Оперативтік топтардың ресми хат-хабары мен поштасына қол сұғылмайды, және олар жөнінде Оперативтік топтың бастығына баяндалып отырады. Шифржеделхаттар Қазақстан Республикасының Шекара әскерлерінің қолбасшысы (сол жердегі бөлім командирі) немесе оның орнындағы адам танысқаннан кейін Қазақстан Республикасының шифр органдары арқылы жіберіледі.

Оперативтік топтың өз мөрі және банкте шоты болады.

7 бап

Оперативтік топ Басқармасының орналасқан жері мен мекен-жайы - Алматы қаласы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті.

8 бап

Осы Ереже Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы сыртқы шекараны күзетудегі бірлескен күш-жігер туралы Шарттың ажырамайтын бөлігі болып табылады, әрі осы Шартта көзделген қағидаларға сәйкес күшіне енеді және күшін тоқтатады.

Тараптардың өзара келісу бойынша осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы мен

Ресей Федерациясы арасындағы сыртқы
шекараны күзетудегі бірлескен
күш-жігер туралы шартқа
N 4 қосымша

Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының

Шекара әскерлері Оперативтік тобын қаржыландырудың
тәртібі туралы
Хаттама

1 бап

Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері
Оперативтік тобының (бұдан әрі - Оперативтік топ) жеке құрамын ұстau
мен қамтамасыз ету жөніндегі шығысты Қазақстан Тарабы қаржыландырады.

2 бап

Осы Хаттаманың 1-бабында көрсетілген Оперативтік топтың шығысын
қаржыландыру оны жүзеге асыру үшін Ресей Федерациясының Орталық банкінде: бірі
Қазақстан Республикасының валютасы - теңгемен және екіншісі Ресей
Федерациясының валютасы - соммен істейтін екі шот ашылады.

3 бап

Ресей Федерациясының Орталық банкі Оперативтік топты Ұстauға қажетті ақша
сомасын осы Хаттаманың 2-бабында көрсетілген шоттардағы қаражаттың қалдығы
есебінен және соның ішінде соммен және теңгемен беріп тұрады.

Оперативтік топтың әскери қызметшілеріне, жұмысшылары мен қызметкерлеріне
ресей сомымен төленетін соманың мөлшері Қазақстан Республикасының тиісті
нормативтік актілерімен анықталады.

4 бап

Оперативтік топтың валюталық шоттағы теңгедегі қаражаты Ресей Федерация Орталық банкінің корреспонденттік шотына Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі аударатын тиісті сомадан құралады.

Оперативтік топтың шотындағы ресей сомасындағы қаражат әдетте

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің теңгені Ресей Федерациясының орталық банкінде белгіленген тәртіппен осы банктің сататын құнгі бағасы бойынша сатуының есебінен, сондай-ақ басқа да көздердің есебімен құралады.

5 бап

Оперативтік топтың әскери қызметшілеріне жұмысшылары мен қызметкерлері қолдарында тиісті соманды алғаны жайында Тараптардың мемлекеттік банктері белгілеген нысандағы анықтамалары болған жағдайда теңге мен сомдағы қолдағы ақша әкелуіне және әкетуіне қедендік шектеулер қойылмайды.

6 бап

Қазақстан Тарабы Оперативтік топты ұсташа үшін аударған теңгедегі сомада Ресей Федерациясы Орталық банкінің валюталық түсімді өзіне түгелдей немесе оның бір бөлігін міндепті түрде сату жөніндегі талабы қойылмайды.

7 бап

Оперативтік топтың қаржы шаруашылық қызметін ұйымдастыру мен бақылауды Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне сәйкес Қазақстан Тарабы жүзеге асырады.

8 бап

Осы Хаттама Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сыртқы шекараны күзетудегі бірлескен күш-жігер туралы Шарттың ажырамайтын

бөлігі болып табылады әрі осы Шартта көзделген шарттарда сай күшіне енеді және күшін жояды.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясы арасындағы сыртқы
шекараны күзетудегі бірлескен
күш-жігер туралы Шартқа N 5 қосымша

Қазақстан Республикасындағы Ресей Федерациясының
Шекара әскерлерінің Оперативтік тобын
қаржыландыру тәртібі туралы
Хаттама

1 бап

Қазақстан Республикасындағы Ресей Федерациясы Шекара әскерлерінің Оперативтік тобының (бұдан әрі - Оперативтік топ) жеке құрамын ұстау мен қамтамасыз ету жөніндегі шығысты Ресей Тарабы қаржыландырады.

2 бап

Осы Хаттаманың бірінші бабында көрсетілген Оперативтік топтың шығысын қаржыландыруды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінде: бірі Ресей Федерациясының валютасы - соммен және екіншісі Қазақстан Республикасының валютасы - теңгемен істейтін екі шот ашылады.

3 бап

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Оперативтік топты Ұстаяға қажетті ақша сомасын осы Хаттаманың екінші бабында көрсетілген шоттардағы қаржаттың қалдығы есебінен және соның шегінде соммен және теңгемен беріп тұрады.

Оперативтік топтың әскери қызметшілеріне, жұмысшылары мен қызметкерлеріне теңгемен төленетін соманың мөлшері Ресей Федерациясының тиісті нормативтік

актілермен анықталады.

4 бап

Оперативтік топтың валюталық шоттағы ақшалай қаражаты Ресей Федерациясы Орталық банкінің корреспонденттік шотынан Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісіне аударылатыны тиісті сомадан құралады.

Оперативтік топтың шотындағы Ресей сомындағы қаражат әдетте

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің теңгені Ресей Федерациясының Орталық банкісіне белгіленген тәртіппен осы банкінің сататын күнгі бағасы бойынша сатуының есебінен, сондай-ақ басқа да көздердің есебінен құралады.

5 бап

Оперативтік топтың әскери қызметшілеріне, жұмысшылары мен қызметкерлері қолдарында тиісті соманды алғаны жайында тараптардың мемлекеттік банктегі белгілеген нысандағы анықтамалары болған жағдайда теңгемен сомдағы қолдағы ақшаны әкелуіне және әкетуіне кедендік шектеулер қойылмайды.

6 бап

Ресей Тарабынан Оперативтік топты ұстау үшін аударған сома Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің түсімі, өзіне түгелдей немесе оның бір бөлігін міндетті түрде сату жөніндегі талабы қойылмайды.

7 бап

Оперативтік топтың қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыру мен бақылауды Ресей Федерациясының нормативтік актілеріне сәйкес Ресей Тарабы жүзеге асырады.

8 бап

Осы Хаттама Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы сыртқы шекараны күзетудегі бірлескен күш-жігер туралы Шарттың ақырамайтын бөлігі болып табылады, әрі осы Шартта көзделген шарттарға сай күшіне енеді

және күшін жояды.

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК